

Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру жолдары

Мақсаты: *оқушылардың шығар-
машылық қабілеттерін дамыта
отырып, білім сапасын арттыру.*



Міндеттері:



шығармашылық деңгейлерін анықтау;



оқушылардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру;



сөздік қорларын молайту;



сауаттылықты қалыптастыру.



Жұмыс түрлері:

- Тренинг жаттығулар;
- Жұбын тап;
- Ұйқасын тап;
- Жұмбақты шеш;
- Диктант түрлері;
- Жатқа жаз;
- Өз ойыңнан жаз.
- Сурет бойынша әңгіме құрастыр.



Жұбын тап

👉 Еңкейді - ... , ұнатпады - ... , қатырды - ... , жасырды - ... , жинады - ... , құрастырды - ... , дыбыстады. (қарама-қарсы мағыналы)

👉 Айсыз түн, білімді, көңілді, абайлау, жүлде, қария, ағайын. (мағыналары жуық сөздер)

Керекті сөздер: оқыған, қуанышты, сыйлық, ақсақал, қараңғы, байқау.

Ұйқасын тап


👉 Анаң күнің, ...,
... өмір тірегің.
Сен ... ұлансың.
Бәрі саған

Керекті сөздер: *әкең, жүрегің,
қуансын, бақытты.*

👉 Мен шиемін, ...,
Пішкенше тон
Бала келсе ...,
Басымды мен... .

Керекті сөздер: *киемін,
піскенде, иемін,
шиемін.*

Әлең шығар

 _____ тұрамын,
_____ барамын.
_____ аламын.

_____ баламын.



 _____ торғайды.
_____ қорғайды.

Терме диктанты


Үш бала


Бір ауылда үш бала,
Олар құрдас – үш жаста.
Біріншісі шыңқ етпе,
Тиіп кетсе жылайды.

Екіншісі бір қыңыр,
Ақыл айтсаң тулайды.
Үшіншісі елгезек,
Бәрімізге ұнайды.

Заттың санын білдіретін сөзді теріп жаз.

Жұмбақты шеш

 Бір кісінің он екі баласы бар,
Іштерінде ақ, сары, қарасы бар.
Әр баласы сапарға шыққан сайын,
Отыз шақты серігін ала шығар.

 Алпыс төрт тең бөлмеде
Отыз екі тұрғын бар.
Ақ, қара ғып бөлгенде,
Бірін бірі қуғындар.

Суретке қарап әңгіме жаз



Әріп таңда!

“Б” Бауыржан батыр болған.

Бекзат байқамай бақбақты басты.

Берік Бекжанға бауырсақ берді.

“К” Кәрім көк кимоно киді.

Көркем көршісіне көмектесті.

Көкем Көкшетаудан келді.

“Ж” - ?

Сөйлем құрастыр

“ҚОС”

“жүз”



Адамның жүзі



Суда жүз

"100"